



«АЛТЫН АДАМЫ» БАР АСТАНА

6-БЕТ | ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН



МЕЙІРІМ ҚОНҒАН ЕЛОРДА

7-БЕТ | АСТАНА – 25



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Қазақтың домбырасы жер бетінде кеңінен таралған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі елімізде Ұлттық домбыра күні ретінде аталып келеді. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген Қадыр Мырза-Әлінің сөзін ұран еткен халқымыздың көңіл төрінде домбыраның орны ерекше. Ғасырдан ғасырға домбыраның үні тарих болып қатталып, шежіре болып шертіліп келеді.



9

№76-77
(4510)
Сенбі
1 шілде
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН

АСТАНАНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ӨСУІ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

Астана күн сайын өсіп келеді. Елордаға жылына 50 мың адам көшіп келіп, қоныстанып жатса, 30 мыңдай бала жарық дүние есігін ашады. Бүгінгі таңда қала тұрғындарының саны 1 миллион 370 мың адамға жетті. Осындай қарқынмен дамып келе жатқан бас шаһардың бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметінде қала әкімі Жеңіс Қасымбек баяндады.

2-3



СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛАДЫ

Бас қалада жаңа №3 су сорғыш-сүзгіш станциясының бірінші кезеңі іске қосылды. Ауыз су станциясы қаланы тәулігіне 35 мың текше метр сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Станцияның құрылыс-монтаждау жұмысы аяқталып, гидросынақтар жүргізілді. Іске қосу-баптау жұмысы аяқталып, су дайындау жүйесіне тестілеу жүргізіліп жатыр. Ал тамыз айында аталған станцияның іске қосылуының екінші кезеңі басталады. Жұмыс толық аяқталған жаңа станция, бірінші кезеңімен бірге есептегенде, тәулігіне 100 мың текше метрден астам су беретін болады.

Әкімдіктің ақпараты бойынша, бұдан бөлек, Нұра жерасты су кен орнынан су құбырын жобалау және Тельман елді мекеніндегі сорғы-сүзгі станциясының қуатын кеңейту аяқталуға жақындап қалды. Бұл жобалар келешекте Астананы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша қосымша қуат береді.

ЕСІЛ ӨЗЕНІНДЕ НЕКЕСІН ҚИДЫ

Астананың 25 жылдығына орай жас жұбайлар үшін кемеде неке қию рәсімі ұйымдастырылды.

Жас жұбайлар Үсен мен Гүлнәр Мұсайбек жағалауға алғашқылардың бірі болып келіп, өз есерімен бөлісті.

«Бізге халыққа қызмет көрсету орталығында бүгінгідей салтанатты тіркеу ұсынылғанда қуана келістік. Занды некемізді өзен үстінде тіркегеніміз ұмытылмай әсер сыйлады. Біз өте қуаныштымыз» деді жас жұбайлар бақыттан жүзі бал-бұл жанып.

«Жыл сайын мұндай рәсімді қала күні қарсаңында өткізуді дәстүрге айналдырдық. 25 жыл ішінде елордада 200 мыңнан аса неке тіркелді, 420000 сәби дүниеге келді. Осындай көрсеткішке қарап елорданы армандар орындалатын мекен деп атауға болады» деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жас жұбайларды құттықтау сөзінде.





ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП – ТЫНЫШТЫҚ КЕШІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылары, ІІМ алқасының мүшелері және орталық аппараттың санылық құрамы, өңірлік полиция департаменттерінің, аумақтық қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігі мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқаратын құрылым екенін атап өтіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу аса маңызды міндет саналатынын айтты.

«Тәртіп сақшыларының қызметі оңай емес. Бұл белгілі. Күн-түні жұмыс істейтін кездер жиі болады. Қауіп-қатер де бар. Тәулік бойы, яғни 24 сағат бойы сақадай сай болу үшін ерекше қажыр-қайрат пен төзімділік қажет. Себебі қиын жағдайға тап болған жандар, ең алдымен, полициядан көмек күтеді. Азаматтарымыз сіздерге мемлекеттің, яғни биліктің өкілі ретінде қарайды. Қауіп-қатерден қорғайды деп сенеді. Сондықтан сіздерге әрдайым орасан зор жауапкершілік жүктеледі» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек. Сондықтан қазір ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруге баса мән беріліп, полиция қызметінің сервистік моделі енгізіліп жатыр.

«Жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру үшін нақты шаралар қабылдануда. Осы қарқынды тоқтап қалмау керек. Пилоттық жоба аясында қол жеткен жетістікпен шектеліп қалуға болмайды. Ашығын айтқанда, қызмет көрсетудің сервистік моделі туралы тек мамандар ғана айтып жүр. Қарапайым азаматтар мен қоғам өкілдері пікір білдіріп жатқан жоқ. Бұл – халық оның нақты нәтижесін, оң өзгерістерді көріп жатқан жоқ деген сөз. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу саласына да назар аударған жөн. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қоғамдағы алаяқтық әрекеттерге, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру, ұйымдасқан қылмыспен күрес, заңға бағыну мен құқық бұзушылықтың аражігін нақты ажырата білу

сияқты мәселелерге жеке-жеке тоқталды.

Алқа мәжілісі аясында Мемлекет басшысына «Дактилоскопиялық тіркеу» жобасы таныстырылды. Бұл жоба азаматтарға уақыт үнемдеп, құжаттарын өз бетінше рәсімдеуге мүмкіндік береді. Ең басты ерекшелігі – суретке түсірген кезде адамның бет-бейнесін таниды. Бұл заңсыз құжат рәсімдеу фактілерін болдырмайды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке басты куәландыратын құжат беру кезінде міндетті дактилоскопиялық тіркеу қолданылады. Деректер қорына саусақ ізі дактосканерлер арқылы енгізіледі. Азамат келесі рет өтінім жасағанда оның кім екені саусақ ізі арқылы анықталады.

Сондай-ақ Президентке «Есірткі қылмысымен күрес» жобасы таныстырылды. Есірткі тарату қылмысына қарсы іс-қимылға арналған бұл жобада қылмыстық байланыстардың, телефон арқылы сөйлесулердің және ақша аударымдарының схемаларын визуалды түрде кенірек көрсететін ақпараттық-талдау бағдарламасы қолданылады. Жалпы, жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде қазіргі кезде:

- 2300 есірткі сататын сайт бұғатталды;
- 1300 есірткі қылмысы әшкереленді;
- 6 мың тоннадан астам есірткі тәркіленді.

Мемлекет басшысына «Қорғау» мобильді қосымшасының жұмыс істеу принципі көрсетілді. Аталған қосымша жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және өрескел құқық бұзушылармен күресуге арналған. Полицияның планшетіне маңайда жүрген «қауіпті» жүргізуші туралы хабарлама бірден келеді. Осылайша, «қауіп төндіретін топтармен», яғни жол жүру ережесін жиі әдейі бұзатын жүргізушілермен жеке жұмыс жүргізіледі. Бұл бағдарлама тиімділігін дәлелдеді. Бүгінде еліміздің 16 аймағында және кейбір моноқалаларда қолданылады.

АСТАНАНЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Ішкі миграция ағыны және демография дүмпуімен елордалықтар саны қаланың Бас жоспарындағы болжамнан бірнеше есе асып кетті. Жыл сайын бас қалаға жан-жақтан 50 мыңға жуық адам көшіп келіп, 30 мың бала дүниеге келеді. Осылайша Астанадағы халық саны 1 млн 370 мың адамға жетті. Одан бөлек, күн сайын Талапкер, Қосшы, Қоянды сияқты қала маңындағы елді мекендерден елордаға 150 мың адам келіп-кетеді. Қалада халық санының өсіміне байланысты елорданы дамытуда бірқатар жаңа міндет қойылды. Бұл міндеттер туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметінде өткен «Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» брифингте қала әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК баяндады.

Райхан
РАХМЕТОВА

60 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Бірден сол міндеттерді атап өткен әкім қаланы осы жағдайда дамыту үшін тұрақты экономикалық өсімді сақтау, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды дамыту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, миграция ағымын бақылау қажеттігін атап өтті.

– Осыған орай, біздің алдымызда күрделі міндет тұр, ол – миграцияның жоғары қарқыны жағдайында жаңа жұмыс орындарын құру бойынша тиімді іс-шаралар кешенін қабылдау. Бірінші кезекте, бұл – тұрақсыз жұмыспен қамтылған адамдарды тіркеу және анықтау, жеке атаулы қолдау шараларын ұсыну, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқамерзімді тегін курстар ұйымдастыру және оларды әрі қарай жұмысқа орналастыру. Жыл соңына дейін 400 мың жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Негізі, жұмыс орындары шағын және орта бизнес саласында құрылады. Бұл салада қазірдің өзінде елорданың экономикалық белсенді тұрғындарының 70 пайызы жұмыс істейді, – деді әкім өз баяндамасында.

Жалпы ол қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткішіне оң баға берді. Мәселен, инвестиция көлемі 427,6 млрд теңгені құрап, 20,9 пайызға өскен. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес үлесі 25,2 пайызға өскені байқалды. Тауар айналымы 10,6 пайызға артқан. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2,2 пайызға ұлғайған. 1215 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 35,4 пайызға көбейген.



– Шағын және орта бизнестің қала экономикасына салымының үлесі шамамен 69,5 пайызды құрайды. Былтыр шағын және орта бизнес 11 трлн 400 млрд теңгені өнімін өндірді. Биыл кәсіпкерлердің 4 мың жобасына жалпы сомасы 29,5 млрд теңгені құрайтын қаржылай көмек көрсету жоспарлануда. Елордада 154 инвестициялық жобадан құралған пул жасалды. Биыл 24 кәсіпорынды іске қосамыз деп отырмыз. Жалпы жыл соңына дейін 1 трлн 300 млрд теңгені құрайтын инвестиция тарту жоспарланып отыр, – деді Ж.Қасымбек.

АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕН ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Әкім маңызды мәселенің бірі – елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайына ерекше тоқталды. Қалаға көкөніс жеткізу бойынша өңірлермен, атап айтқанда, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарымен қарқынды жұмыс жүргізілуде. 14 млрд теңгенің 30 мың

тонна өніміне келісімшарт жасалған, оның 24 мың тоннасы – көкөніс, нақтырақ айтқанда, 13,3 мың тоннасы – картоп, 3,2 мың тоннасы – пияз, 5,1 мың тоннасы – сәбіз және 2,2 мың тоннасы – қырыққабат. Қызылорда облысындағы күріш өндірушілермен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Премьер-министрдің тапсырмасымен Мерке зауытымен 1,6 млрд теңгеге 3,5 мың тонна қант жеткізуге келісімшарт жасалған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елорданы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін өндіріс қуатын құру бойынша бірқатар инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтқанда, азық-түлік бағытындағы 8 жоба қолға алынған, олар – сүт зауыты, ет комбинаты, нан зауыты, жартылай фабрикат, үн және жайына ерекше тоқталды. Қалаға көкөніс жеткізу бойынша жобалар. Оның өндірістік көлемі 72 мың тоннаны құрап, қуаты 7 мың тонналық 1 жылыжай кешенін, жалпы ауданы 70 мың шаршы метрлік 3 қойма кешені мен 3 көкөніс сақтайтын орынды қамтиды.

– Нарықты демонополизациялау аясында жеке инвестиция тарту арқылы сомасы 10 млрд теңге тұратын 2 заманауи базар салынауда. Қазіргі таңда Байқоңыр ауданында 7 азық-түлік базары, Сарыарқа ауданында 2 жаңа базар бар. Биыл нан зауыты және 13 мың тонна өнім қояуға арналған 2 көкөніс сақтайтын орын іске қосылады, – деді Ж.Қасымбек.

АСТАНА СУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қаланы 2035 жылға дейінгі дамытудың жаңа Бас жоспары әзірленіп, онда тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыруға басымдық берілуде. Қала басшысы әсіресе сумен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырғанына тоқталды. Қабылданған шаралардың арқасында су қысымы қалпына келтіріліп, сумен тұрақты қамтамасыз ету мүмкін болды. Маусымның алғашқы онкүндігінде «Астана» су қоймасынан су құбыры тартылып, бұл қалаға тәулігіне 90 мың текшеге жуық көлемде бастапқы су беруді қамтамасыз етті. Сонымен қатар маусымның басында жаңа су сорғы-сүзгі стансасын кезең-кезеңімен іске қосу басталды. Жүйе орнатылған соң, тәулігіне 35 мың текше су беретін бірінші блок іске қосылды. Тамыз айында тәулігіне 70 мың текше метр су беретін қуаты бар тағы бір блокты іске қосу жоспарлануда.

– Осылайша тәулігіне 105 мың текше метр су шығаратын сорғы-сүзгі стансасы іске қосылады. Бұл қазіргі су тапшылығы мәселесін жойып, бірнеше жылға су беру қуатының қорын қалыптастырады. Сумен қамтуды одан әрі тұрақтандыру үшін «Нұра» жерасты кен орнынан шығатын су құбырын салу, «Тельман» сорғы стансасынан техникалық су тартуға су құбырын салу жобалары дайын болып қалды, олардың құрылыс-дәнекерлеу жұмысын бір жарым жылдың ішінде аяқтау көзделуде. Елорданы қазіргі даму қарқынына қарай оны үздіксіз сумен қамтамасыз ету мақсатында Сәтпаев атындағы каналдан су жинау арқылы төртінші сорғы-сүзгі стансасын салу бойынша жоба әзірлеу көзделіп отыр, – деді әкім.

Брифингте әкім осы айдың басында қала тұрғындарын мазалаған суға қатысты мәселеге орай сұрақтарға да жауап берді. Ол қала тұрғындарының саны күн сайын өсіп жатқаны ауыз су мәселесін қиындатқанын атап өтті.

– Негізі, тәулігіне 25 текше метр су жетіспеген еді. Қазір су мәселесі шешілді. Кеше



ҚАРҚЫНДЫ ӨСУІ ЖҮКТЕЙДІ

су стансасының бірінші кезеңі іске қосылды. Ол 35 текше метр су береді. Екінші кезеңі тамызда аяқталады, ол 70 текше метр су береді. Одан бөлек, екі жоба бойынша құжат дайындап отырмыз. Алдағы жылдары тағы 2 су беретін станса салынады, – деді ол.

АБАТТАНДЫРУ ЖҮМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Әкім баяндамасында елорданы жылыту маусымына дайындау жұмысына да тоқталды. Жылыту маусымының басына дейін жалпы қуаты сағаттына 1130 гигакалорияны құрайтын үшінші жылу-электр орталығының (ТЭЦ) бірінші кезегі мен екі газ жылу стансаларының құрылысы аяқталады. Бұл жылу энергиясының профицитін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Елорданы газдандыру мәселесіне келсек, әкім қазіргі таңда газға 12

миллион шаршы метрден аса баспана салу жоспарланып отыр. Бұл – шамамен 40 мың пәтер, оның ішінде 6 мың пәтер мемлекет тарапынан халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «сақалды» құрылыстарды аяқтау бойынша ауқымды жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Осыған дейін 150-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешенінің ішінде 120-сының құрылысы аяқталған болатын. Биыл 30-дан астам «сақалды» құрылысты аяқтаймыз. Оның әрқайсысының жағдайы әртүрлі. Мысалы, «Тұран-Сығанақ» тұрғын үй кешені 6 жыл бұрын проблемалық деп танылды. Бұл үйдің блоктарының бір бөлігі бірнеше қабатқа ғана көтерілген болса, кейбір блоктарында жұмыс тіпті басталмаған да еді. «Арыстан» кешенінің құрылысы 11 жыл бұрын басталған, ал «Хазар» тұрғын үй кешенінің құрылысы

тоқтатылады және компания сондай компаниялардың «қара тізіміне» енгізіледі. Биыл наурыз айында 2030 жылға дейін қалалық жаңарту бағдарламасы өзектендірілді, оның шеңберінде 206 апатты үйді немесе 14 мың тұрғынды қоныстандыру жоспарлануда.

ШЕТ АЙМАҚТАР ДАМИДЫ

Бүгінгі таңда елордада 16 тұрғын алабы бар, онда елорда халқының төрттен бірі тұрады. Қаланың 3 жылдық бюджетінде шет аймақтарды инфрақұрылымдық жағынан дамытуға – жолдар, желілер, әлеуметтік нысандар салуға ерекше назар аударылды. 2023 жылы тұрғын алаптарда 30 көшені асфальттау, 7 қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 13 шақырым кәріз желісін, 2 кәріз-сорғы стансасын, 5 шақырым нөсер кәрізін, 20 шақырым электрмен жабдықтау, 27,5 шақырым сумен жабдықтау, 7,4 шақырым газбен жабдықтау желісін салуды аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ Көктал және Үркер тұрғын алаптарында 2 өрт сөндіру депосы, Теміржолшылар және Үркер алаптарында 2 спорт кешені, Интернациональный алабында 600 орындық мектепке қосымша құрылыс және Кирпичный кентінде 600 орындық мектеп салынады.

LRT САЛЫНА БАСТАДЫ

Әкімге сауал қойған журналистерді LRT құрылысының алдағы жағдайы қызықтырмай қоймады. Қала басшысы жобаның құрылысын жалғастыруға биыл 50 млрд теңге бөлінгенін атап өтті. Жалпы LRT-ға бүгінге дейін шамамен 600 млн доллар жұмсалған. Биыл LRT бойынша 1-іске қосу кешенінің құрылыс жұмысы жанданды. Қаржының бөлінуіне қарай құрылыс жұмысының негізгі түрлерін екі жыл ішінде аяқтау жоспарлануда. Бүгінде Қабанбай батыр даңғылы бойындағы әуежайдан «Астана жұлдызы» стеласына дейін және III Қалдаяқов көшесі бойынша М-3 көпірі арқылы «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін құрылыс жұмысы жүргізілуде.

Қаладағы көлік ағынын азайту мақсатында биыл 31 жоба жүзеге асырылады. Соның ішінде елорданың Тәуелсіздік даңғылындағы көлік көпірі пайдалануға беріледі.

үш қабат деңгейінде тоқтатылған. Мұндай мысалдар жеткілікті. Бірақ әрбір ұзаққа созылған құрылыс бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасының екінші кезеңі аясында салынып жатқан барлық проблемалық үлескерлік нысандарды аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Бұл – 16 проблемалық үлестік нысан немесе 30-дан астам көппәтерлі тұрғын үй, – деді Жеңіс Қасымбек.

Бей-берекет салынған құрылыстар мәселесіне тоқталған әкім қалада осындай 22 нысан барын айтты. Бұл ретте әкімдік көрші үйлер тұрғындарының бастамашыл топтарымен және құрылыс салушылардың өкілдерімен белсенді жұмыс жүргізеді. Сондай тығыз салынған 16 нысан бойынша шешім шығарылған. Бұл учаскелер тұрғындардың пікірін ескере отырып, әлеуметтік нысандар, яғни мектеп, сквер, балабақша, емхана салу үшін пайдаланылады. Осы ретте әкім биыл қаңтар айынан бастап инженерлік желілері жоқ және Бас жоспарға сай емес құрылысқа жаңа рұқсаттар берілмейтінін атап өтті. Сонымен қатар, егер қандай да бір құрылыс компаниясы құрылысты техникалық шарттардың толық пакетінсіз жалғастырса, құрылыс учаскелеріндегі жұмыс толығымен

Қазіргі таңда газға 12 000-нан астам абонент қосылды, бірінші және екінші жылу-электр орталықтарының (ТЭЦ-1, ТЭЦ-2) 16 қазандығы газға ауыстырылды және 17 автономды жылу станциялары газға қосылды.



– Бұл көпір жолдардағы көлік нөпірін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Ол Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалы ауданымен, Р.Қошқарбаев даңғылымен, Ж.Нәжімеденов көшесімен, Әзірет Сұлтан мешіті ауданымен, А.Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Б.Момышұлы даңғылымен қосымша байланысты қамтамасыз етеді, – деп түсіндірді Жеңіс Қасымбек.

Шаһарға 400 автобус жеткізіліп, 70-тен астам көше жөнделеді. Қазіргі уақытта Астана қаласының маршрут желісі 71 қалалық және 28 қала маңындағы, барлығы 99 маршруттан тұрады, осы бағыттарда күн сайын 907 автобус қатынайды. Биыл 6 жаңа бағыт ашу жоспарланып отыр. №14, 46, 53, 64 және 70 бағыттарға 35 автобус қосылды, 90 автобус шілде айында жеткізіледі деп күтілуде. Нөсерлі кәріз желісін дамыту бойынша биыл «Нұрлы жол» вокзалы ауданында және Қорғалжын тасжолының солтүстігінде тазарту құрылысының 2 кешенін пайдалануға беру жоспарланған. Бұл су жинаудың жалпы ауданын 20 пайызға ұлғайтады.

МЕКТЕП ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕ МЕ?

Елорда халқы жыл сайын жасарып келеді. Тұрғындардың орташа жасы 30 жасты құрайды, жылына 30 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Осы ретте әкім қалада балабақшалар

жетіспейтінін, мектептерде бала саны шамадан тыс толып отыратынын баяндады. Қазіргі уақытта елордада оқушы орындарының тапшылығы 26 мың орынды құрайды, 8 мектеп үш ауысымда оқытса, 18 мектептің жұмыс режимі тығыз.

– Жеке инвестициялар есебінен 30 балабақша салу туралы келісім бар. 2 жыл ішінде 40 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 18,3 мың орындық 13 мектепті пайдалануға беру көзделуде. Жеке инвестициялар есебінен үш мектеп салынып жатыр. Сондай-ақ биыл екі ауысымда 88 мың балаға арналған «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 24 мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. Оған 208,7 млрд теңге бөлінді. Бұл елордадағы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді, – деді елорда басшысы.

Қала әкімдігінің биыл балаларға білім беретін 15 заманауи орталық салу туралы жобасы Мемлекет басшысының қолдауына ие болды. Үш жыл ішінде қалада үйірмелер мен бөлімдерге деген негізгі қажеттілік жабылады. Бірінші кезеңте елорданың әр ауданында 1 орталықтан салына бастайды. Денсаулық сақтау саласында екі перинаталдық орталық салынады. Жеке инвестициялар есебінен екі амбулаторлық-емханалық кешенің құрылысы басталады. Әлемдік деңгейдегі медицина кластерін құру елорданы дамыту жоспарында бар.

ТАЛДЫКӨЛГЕ СУ ТОЛАДЫ

Әкім баяндамасынан бөлек журналистер сұрақтарында қаладағы Талдықөл мәселесі де назардан тыс қалмады. Бұл ретте қала басшысы Үлкен Талдықөлдін көлемі 5 есе ұлғайтынын, ал Кіші Талдықөл маңына үй салуға рұқсат берілмейтінін жеткізді.

– 1990 жылдары Үлкен Талдықөлде 50 млн текше метр су болатын. 2000 жылдары 10 млн болды. Ал қазір 1 млн текше метрден аз. 2015 жылдан бастап кәріз арқылы Талдықөлге баратын су тазартылып, Есіл өзеніне ағызылды. Құзырлы министрлікпен келісіп, ол суды Үлкен Талдықөлге бағыттауы болды. Екі аптадан бері су сол бағытқа жіберілуде. Үлкен Талдықөлдін көлемін 5 есе көбейтеміз. Үлкен Талдықөлдін көлемін ұлғайтуға 1,5-2 жыл уақыт кетеді, – деді Ж.Қасымбек.

Ал Кіші Талдықөлге келсек, онда бірнеше кіші өзен болатын. 3, 7, 9-учаскелер бойынша қазір жұмыстар атқарылуда және оларды әкімдік сақтап қалады. Саябақ жобасы әлі дайындалып жатыр. Қала әкімінің айтуынша, бұл мәселе жөнінде шаһар тұрғындарымен ақылдасу керек. Бастысы, ол жерге жаңа үйлер салынбайды.

Жалпы 15 қоғамдық кеңістік пен 150-ден астам аула абаттандырылады. Жыл басынан бастап 42 аула және 2 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында 34 аула абаттандырылды. Биыл 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарлануда.



мыңнан астам абонент қосылғанын жеткізді. Бірінші және екінші жылу-электр орталықтарының (ТЭЦ-1, ТЭЦ-2) 16 қазандығы газға ауыстырылып, 17 автономды жылу стансалары газға қосылған.

– Жаңа Бас жоспарда қаланы абаттандыруға ерекше назар аударылды. Негізгі қалалық саябақтар мен скверлерді қайта жөндеу, қала көшелерін көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктер мен қасбеттерді біркелкі дизайн-кодқа келтіру жұмысына кірістік. Жалпы 15 қоғамдық кеңістік пен 150-ден астам аула абаттандырылады. Жыл басынан бастап 42 аула және 2 қоғамдық кеңістік және соған қоса «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында 34 аула абаттандырылды, – деді қала әкімі.

Көгалдандыру мәселесіне де айтарлықтай назар аударылып отыр. Биыл қалада 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Оның ішінде 452 мың жасыл желек қалада, қалғаны елорда жанындағы «Жасыл белбеу» аумағында отырғызылады.

«САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР – ӘКІМДІК НАЗАРЫНДА

Қалада жыл басынан бастап 1 млн 215 мың шаршы метр тұрғын үй салынған. Жыл соңына дейін 3

МЕЙІРІМ ҚОНҒАН ЕЛОРДА

Астана мешіттерінің тарихы жайлы айтқанда, Республика даңғылы мен Абай көшесінің қиылысында орналасқан «жасыл мешіттің» ақ түсті дуалы еске түседі. Кезінде «татар мешіті» деп аталып кеткен ғимарат 1895 жылы ақмолалық бай көпес Н.Зәбировтің қаражатына салынған екен.

Айгүл
УАИС

Бұдан басқа 1838 жылы аға сұлтан Қ.Құдаймендінің жеке қаражатына салынған мешіт қазіргі «Астана» концерт залының артында орналасқан. Ол қаладағы алғашқы мешіт болған. Жанында шәкірттерге арналған медресесі болыпты. Өкінішке қарай, нысан 1920 жылы өртеніп кеткен.

Көп жылдан кейін ақмолалық жамағат 1943-1944 жылдары Құсайын деген азаматтың екі бөлмелі шағын үйін сатып алып, мешітке ықшамдап, сонда құлшылық еткен. 2005 жылы оған

кеңес өкіметі тұсында 20 жыл (1952-1972 жж.) Қазақстан мұсылмандарының қазыы болған Сарыарқа өңірінің тумасы, дін ғұламасы Сәдуақас қажы Ғылыми (Сәкен қалпе) есімі берілді.

Елорданың екі мұнаралы мешіті – 2004 жылы ашылған «Төлебай» мешіті.

«Нұр Астана» мешіті Есідің сол жағалауында бой көтерген алғашқы мешіт саналады. 2005 жылы Наурыз мерекесінде ашылған нысан жобасының авторы – ливандық сәулетші Чарльз Хафиз. Ал безендіру және көркемдеу жұмысының авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ғазиз Ешкенов. Мешіт орналасқан



жердің көлемі – 6,7 гектар, ал ішкі сыйымдылығы – 5 мың адам. Төрт жолдың торабында орын тепкен ғибадатхананың айналасы жасыл саябақпен қоршалған. Биіктігі 63 метрлік төрт мұнарасы бар.

Астаналық ингуш-шешен диаспорасының қаржысына салынған «Шейх Кунта қажы» мешіті 2009 жылы ашылған. Қаланың сырт аудандарында да бірнеше мешіт бар. Соның бірі Теміржолшылар кентінде орналасқан «Әс-Сәләм» мешіті 2011 жылы ашылды. 2019 жылы «Өндіріс» елді мекенінде «Ар-Рахман» ғибадатханасы есігін айқара ашты. Бірер жыл бұрын елорда күні қарсаңында теміржол вокзалы мен «Сапаржай» автобекетінің жанынан «Рахымқызы Раиса ана» мешіті бой көтерді.

Бас қалаға ұшақпен келген адамның жолда бірінші көретін зәулім ғимараты – «Әлжан ана» мешіті. 2014 жылы маусым айында пайдалануға берілген құлшылық үйінің сыйымдылығы – 1400 адам.

750 адамға лайықталған, постмодерн стилінде салынған «Ырыскелді қажы» мешітінде баламалы энергия көздері қолданылады. Жоба авторы – Сағындық Жамболатов.

Ал көркімен көз тартатын «Ақ мешіт» 2018 жылы желтоқсан айында ашылған.

Республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінің салтанатты жиынында Нұрсұлтан Назарбаев: «4 мұнаралы сәнді және сәулетті мешіттің «Әзірет Сұлтан» деп аталуы бекер емес. Бұл – кезінде күллі қазаққа рухани орталық болған Түркістанның рухы енді елордамызда жаңғырады деген сөз. Ғұлама бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің Түркістандағы кесенесі осылай аталатынын баршаңыз білесіздер. Енді Астананың да өз «Әзірет Сұлтаны» бар» деген еді.

2022 жылы жаздың соңғы айында Орталық Азиядағы



ең үлкен мешіттің құрылысы аяқталды. Аумағы 10 гектар алқапты алып жатыр. Ғимараттың жалпы көлемі – 68062 шаршы метр. Үлкен күмбездің биіктігі – 83,2 метр, диаметрі – 62 метр. Мешіттің 4 мұнарасы бар. Оның биіктігі – 130 метр. Сол қанатындағы мұнара «Турistik мұнара» деп аталады. Келген қонақтар жеделсаты арқылы немесе жаяу көтеріліп, елорданы құс ұшар биіктен тамашалай алады. Ішіне 35 мың адам сыятын мешіттің жалпы сыйымдылығы ішкі-сыртқы бөліктерін қамтығанда 235000 адамды құрайды. Мешіттің кіреберісі есігі – әлемдегі ең биік ағаш есіктің бірі. Ол тропикалық Африкадан шыққан ироко дейтін қатты ағаштан қолмен жасалған. Биіктігі – 12,40 м, салмағы – 1,5 тонна. Мешіттің барлық есігі қазақтың ұлттық ою-өрнегімен безендірілген. Ғибадатхананың құбыла жағындағы (Меккедегі Қабаға бағытталған) қабырғасында Алланың 99 көркем есімі қашалып жазылып, алтын нұрмен нұрланған. 25 миллион түрлі түсті шыныдан жасалған мозаика қабырғасының ұзындығы – 100 м, биіктігі 22 м-ден асады. Мешіттің қабырғалары

мен күмбезінің іші түрлі түсті оюлармен, Құран аяттарымен, дұғалармен (негізінен, қазақша) безендірілген. Әйелдерге арналған үлкен зал мен намазхана қолдан жасалған кілемдермен қапталған. Олар қазақы ою-өрнекпен безендірілген. Мешіттің ішіне төселген кілем Жаңа Зеландияда таза жүннен тоқылған. 1 миллион 300 мың кристалл фрагменті бар үлкен шам негізгі намазхананы жарықтандырып, көркін ашып тұр. Оның диаметрі – 27 м, салмағы – 20 тонна. Залдың бұрыштарында тағы төрт аспалы шам ілінген. Мешіттің бірінші және екінші қабатында намазхана, оқу кабинеті, мәжіліс залы, неке залы, Құран оқу залы, телестудия, кеңсе, қызмет көрсету бөлмесі, дүкен, мұражай, техника бөлмесі бар. Жертеде банкет залы, автотұрақ, дәретхана, техникалық және ғұрыптық қызмет көрсететін, құрбандық шалатын орын бар. Сонымен қатар, ғимарат астында жерасты тоннелі орналасқан. Мешіттің айналасы абаттандырылып, ағаштар отырғызылған. Субұрқақ атқылап, гүлмен көмкерілген ашық алаңда орындықтар қойылып, демалысқа да жағдай жасалған.



Әсима БИМЕНДИНА,
«Татар» КЕАҚ
Президентінің
кеңесшісі,
ұстаз:

ҚАНАТЫН ЖАЙЫП КЕЛЕДІ

– Астана – еліміздің бас қаласы, тәуелсіз Қазақстанның тарихы төрінен орын алатын маңызды әрі ең ірі жоба. Астана мен үшін әрқашан болашақ пен мүмкіндіктердің қаласы, өз елордасына ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын жандардың мекені болып елестейді. Елордамызды аз уақыт ішінде бүкіл әлем таныды. Отанымыздың жүрегіне айналған астанамыз күннен-күнге өркендеп, қанатын кеңге жайып келеді.

1998 жылы Астанаға келіп, еңбек жолымды жаңа қызметтен бастадым. Бейтаныс болғанымен, қала мені бірден құшақ жая қарсы алды. Алматы ауданының әкімдігінде, қалалық Білім басқармасында, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қызмет атқардым. Менің барлық армандарым сүйікті қаламызда орындалды, жұмыста табысты болдым, отбасымда да жағымды жаңалықтар болды – ұлдарым ер жетті, немерелерім дүниеге келді. Астана – менің ең жақындарым тұратын сүйікті қалам!

Мен бақыттымын! Барлық әріптестеріме, басылыртыма, қаланың білім беру жүйесін басқару кезеңінде қолдау көрсеткен педагогтарға, барша жақсы жандарға алғысымды білдіргім келеді.

Қазір білім саласындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласа отырып, жас басшыларға педагогикалық, өмірлік тәжірибеммен бөлісіп жүрмін. Мен үшін елорда туралы кез келген пікір маңызды, жүрегіммен қабылдаймын. Астана өз мәртебесіне сай барлық жағынан үлгі болуы қажет. Ал әрбір тұрғын қаланың дамуына аз да болса үлес қосса, барлық армандар орындалатыны сөзсіз. Барша қазақстандықты Астана күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат пен бақ-береке тілеймін! Ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасы гүлдене берсін!

ХАНДАРЫМЫЗ – ЕСІЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА

Кенесары хан ескерткіші 2001 жылы 11 мамырда ашылды. Оның авторлары – белгілі сәулетшілер Нұрлан Далбай мен Шота Уәлиханов. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 11 метр. Қазақстанның Халық жазушысы Ғафу Қайырбеков кезінде тұғырлы тұлға туралы: «Кенесары – қазақтың ең соңғы ханы, одан кейін қазақтың жеке хандығы біржола құлап, отар елге айналған. Кенесары – қазақтың ең бақытсыз ханы, хандығының рақатын көрмей, азабын тартып өткен. Кенесары – қазақтың ең батыр ханы, басқаны қойып, алып империяның өзімен алысқан. Кенесары – халқының азаттығы үшін құрбан болған қазақтың ең сүйікті ханы!» деп айтыпты.

1 маусым күні Астанада Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бас-тамасымен Қазақ хандығының

негізін салушы Керей мен Жәнібекке ескерткіш ашылды.

Ескерткіш жобасына алдын ала республикалық байқау жарияланды. Оған бас-аяғы 10 эскиз ұсынылып, қорытындысында астаналық жас мүсінші Ринат Әбеновтің үлгісі үздік деп танылды. Таза қоладан құйылған ескерткіштің салмағы – 16,20 тонна. Мүсіндердің іргетасынан ұшар басына дейінгі жалпы биіктігі – 12 метр. Түрегеп тұрған Жәнібек хан мүсінінің биіктігі 5,25 метр болса, қазақы тоқымда отырған Керей ханның бейнесі 4 метрді құрайды.



ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІ БЕЛГІЛЕНДІ

2 ақпан – Алаш арыстары шығарған «Қазақ» газетінің туған күні. Осы дата «Ұлттық басылым күні» болып еліміздегі мерекелік күндер тізіміне кірді. Бұл қазақ көсемсөзінің бастауында тұрған Әлихан Бөкейханды, азаттық жолында басын қатерге тіккен барлық Алаш қайраткерлерін ұлықтау деп түсінемін.

Алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы 2013 жылы журналист Берік Уәлидің «Аманат» интеллектуалды пікірсайыс клубында: «Қазақстандағы баспасөз күнін «Қазақ» газетінің бірінші саны шыққан 2 ақпанға ауыстырайық» деген тамаша ұсыныс айтып еді.

Осы ұсынысты мен 10 жыл бойы баспасөзде, әлеуметтік желілерде қоғамның есіне салып отырдым. Газетке мақала, әлеуметтік желіге пост жазып, тарихи әділеттіліктің салтанат құруына титтей де болса үлесімді қосқым келді. Себебі Қазақ елі тәуелсіздігінің басында Алаш арыстары, «Қазақ» газеті тұр. Алаш арыстары азаттық жолында басын үлкен қатерге тігіп, патшаның қуғын-сүргінінен қаймықпай, өмірін осы күреске арнады. Соның жолында құрбан болды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы ұлттық басылым санасын отарсыздандыру, ұлттық мемлекет құру, азат ел болу деген ұлы мұрат жолында бірікті. Міне, арада 110 жыл өтсе де, ұлттық баспасөз «Қазақ» салған ұлттық ынтымақтың жолымен жүріп келеді.

Елімізді бірлікке, ынтымаққа,



ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ҚАУЫМ ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтарын, гранттарын және алғысын салтанатты түрде табыстады.

Президент ақпарат саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, отандық медиа жаңа кезеңге қадам басқанын, қазір ақпарат тарату жылдамдығы, оның мазмұны, құралы – бәрі өте тез өзгеріп жатқанын атап өтті.

«Кеше ғана дәстүрлі және жаңа медианың бәсекесі туралы сөз қозғалушы еді. Ал бүгін сол сайттарды әлеуметтік желілер, мессенджерлер, платформалар ақпарат алаңынан ығыстырып жатыр. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Үкімет те, медиа менеджерлер де осы өзгерістерге дайын болуы қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қалам ұстаған қауым жеке басының немесе бір топтың емес, елдің мәселесін көтеретініне назар аударды.

«Бұл – өткен ғасырда «Қазақ» газетінің аясында ұйысқан Алаш зиялыларынан бастау алған ұлы миссия. Осы міндетті абыроймен атқару үшін әр журналистің бойында із-

денімпаздық, жауапкершілік және табандылық болуы қажет. Себебі ақиқат жолы оңай жол емес. Ал журналистің ақиқаттан айнуға құқығы жоқ. Шындық пен шынайылық басты қағида болуы керек. Яғни ақпарат арнасы адалдық алаңына айналуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың ақпаратты еркін алуы, пікірін ашық жеткізуі, ой еркіндігі әділетті Қазақстанның айқын көрінісі екеніне назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде қаламын қаруына айналдырған тілшілер аз емес. Кейде олардың жазған мақаласынан, дайындаған репортажынан кейін өзекті мәселелер жедел түрде шешімін тауып жатады. Ондай тілшілерді адал азаматтар десек, артық болмайды.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын ақпараттық тұрғыда қамтамасыз


ету ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының елеулі рөлін ескере отырып, еліміздің үздік журналистерін марапаттады. Мемлекет басшысының Өкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығы «31 арна» телеарнасының тілшісі Ирина Әлімжановаға, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Абай Балажанға, «Кавказская правда» газетінің тілшісі Галина Вологодскаяға берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттарына «Orda.kz» ақпарат порталының тілшісі Илья Астахов, «Хабар 24» телеарнасының тілшісі Әділ Балтабаев, «Tengrinews.kz» ақпарат порталының тілшісі Рабиға Дүйсенғұлова, «Qazaqstan» телеарнасы ақпараттық-сараптамалық дирекциясы директорының орынбасары Саламат Омаш ие болды.

«Время» газеті, «Қызыл-жар-Ақпарат» ЖШС, «KazTAG» ақпарат агенттігі және «ТДК-42» телеарнасының шығармашылық ұжымдарына Президенттің Алғысы жарияланды.

Ресми дерек бойынша, Қазақстанда 13 млн 800 мың адам, яғни, қазақстандықтардың 70 пайыздан астамы – әлеуметтік желіні пайдаланады. Соның ішінде қазір блогерлер әлеуметтік желіге қалағанын жазып, айтып, жариялап, жұртты желіктіріп жүргені рас. Әлеуметтік желілерді тобырдың туы салтанат құрған әлем деп те атауға болады. Себебі блогердің кәсіби этикасы, нақты құқықтары мен міндеттері ешқандай заңнамада анық жазылмаған. Сондықтан елді адастырып, ақпаратты бұрмалайтын блогерді қандай да бір жауапкершілікке тарту қиыны. Өткенде Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев осы мәселені көтеріп, қоғамның назарын аударғанын білеміз. Мәжіліс және Сенат депутаттары «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама» туралы заң жобасын мақұлдап, Президентке жолдады.

БЛОГЕР ЕЛДІ АДАСТЫРМАСЫН



ОЙЫНА КЕЛГЕНІН ІСТЕП ЖҮР

«Қазір өзін блогермін деп жүргендердің дені – ақпараттың рас-өтірігін тексермей, оңай жолмен баю мақсатында кез келген адамға жала жабудан тайынбайтын, бопсалап ақша табатын, атакқұмар, елдің берекесін бұзып, қауіпсіздігіне қатер төндіретін сауатсыз адамдар. Өзін блогер санап жүргендердің басым бөлігі шын мәнінде блогтың не екенін түсініп жүр деп айта алмаймыз. Көпшілігі ел алдындағы беделін, атак-дәрежесін пайдаланып, халыққа көмек жасап жатқандай сынай танытып, әлеуметтік желілерде түрлі «хайп» ұйымдастырып әлек. Дәл осы блогерлер тайай жылдан бері ұмыт болған қаржылық пирамиданың жандануына да себеп болғанын бәріміз жақсы білеміз. Сол алаяқтарға сеніп қалған қаншама адам суицид

жасады, қаншауы денсаулығынан айырылды, тағы қаншамасы үйсіз-күйсіз қалып, қаңғырып кетті? Олардың обалы кімге? Елде болып жатқан түрлі әлеуметтік жағдайларды өз ыңғайына бұрмалап, оған ұлтаралық рең беріп, елге жалған ақпарат таратқан блогерлердің де ісі майшаппен қаралуы керек еді. Расталмаған қауесеттің әлеуметтік желі арқылы тез тарауынан Қордай оқиғасының немен аяқталғаны бәрімізге мәлім. Жеке азаматтардың ішкен-жегенін, киген киіміне дейін аңдып, қоғамда кибербуллинг жасап жүрген блогерлер тобы тағы бар. Өкінішке қарай, өмірге деген көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жастарымыз осы блогерлерге еліктеп, жатып-шерлікке әуестеніп барады, олар ұлтымызға жат мәдениет пен теріс идеологияны бойына сіңіріп жатыр. Сондай-ақ осы блогерлердің сөзіне сеніп, шетелге күндікке

түскен қыздарымыз қаншама?! Біз қысқа ғана уақыт ішінде сөзі мен ісіне жауап бере алмайтын блогерлердің отанына айналып кеткендейміз. Бұл – қоғам үшін де, мемлекет үшін де қауіпті құбылыс. Ал мұның бәрі – біздегі заңнамада блогер мәртебесі айқындалмағандан. Жауапкершіліктің жоқ екенін сезінген мұндай адамдар әрине, ойына келгенін істейді» деді Абаққожаев Үкімет басшысы мен Бас Прокурордың атына жолдаған депутаттық сауалында.

ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ НЕ?

Мәжіліс депутаттары 7 маусымда өткен жалпы отырыста «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады.

«Заң жобасының басты мақсаты – онлайн-платформа және онлайн-жарнама мәселелерін құқықтық реттеу. Заң жобасы онлайн-платформалардың жұмысын Қазақстан Республикасының заң аясында жүйелендіріп, әлеуметтік желі қолданушыларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық айналымына енгізе отырып, осы саланы мемлекеттік реттеудің негіздерін қалыптастырады. Заңның міндеті – әлеуметтік желіде болып жататын буллинг, азаматтарды қорлау тәрізді келеңсіз фактілерден, қаржы пирамидаларынан Қазақстанның азаматтарын қорғай отырып, елімізде саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын алу. Аталған Заң жобасының басты новеллалары онлайн платформаларды реттеудің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді» деп түсіндірді заң жобасының мақсатын депутат Ерлан Саиров. Заңды талқылау барысында жұмыс тобына Мәжіліс депутатыарымен қатар мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығы өкілдері, әлеуметтік желіні қолданушылар кірді.

ЖАРНАМАНЫ АРНАЙЫ БЕЛГІМЕН ТАҢБАЛАЙДЫ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахетов Қазақстанда интернеттегі жарна-

малық контентті арнайы белгімен таңбалау міндеттелуі мүмкін екенін айтады. «Заң жобасының новеллалары мынадай. Біріншіден, тұжырымдамалық ақпаратты өзектендіру. Бұл жерде әлеуметтік желілердің субъектілеріне және сол саладағы бірнеше терминге нақты анықтамалар, түсініктемелер беріледі. Екіншіден, онлайн платформа иелеріне қойылатын талаптарды қарастыру. Яғни, қазақ тіліндегі контентті модерациялау, монетизациялау, интерфейсін қазақ тіліне аудару мәселелері. Үшіншіден, интернеттегі жарнама саласын экономикалық тұрғыда қарастыру. Төртіншіден, мазмұнды қойылатын талаптар. Енді бұл заң жобасын бірінші кезекте қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын толыққанды іске асыруға онлайн платформалардағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге өз ықпалын береді деп санаймыз. Сондай-ақ жарнама контентін орналастыратын пайдаланушылардың жарнаманы таңбалау қажеттілігіне ерекше мән беріледі» деді ол.

Қайнар Ахетов онлайн жарнаманы реттеу саласындағы шетелдердің үздік тәжірибесіне тоқталды. «Қазіргі таңда халықаралық тәжірибедегі бір-екі мәселені атап өтейін. Мысалы, Германияда 2018 жылы қабылданған заң бойынша 2 миллионнан астам жазылушысы бар медиа платформа зиянды ақпаратты жоюға міндеттелген. 2022 жылдың 23 сәуірінде Еуроодаққа қағысушы елдер қабылдаған заңнама бойынша шағым беру, өтініштерді қарау, контентті модерациялау және онлайн жарнама тетіктеріне көзделген әлеуметтік желілер алгоритмдерін белгілеу көзделген» деп түсіндірді ол.

Бетті дайындаған Төлен ТІЛЕУБАЙ

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АХУАЛЫ СӨЗ БОЛДЫ



Астана әкімдігі мен Байқоңыр ауданына қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы лауазымды өкілдерімен және қалалық денсаулық қызметкерлері, ғалым-мамандардың қатысуымен геронтология және эйджизммен күрес мәселесін қарастыру мақсатында қала ардагерлері, медицина қызметкерлері қатысқан геронтология және эйджизмге қарсы күрес мәселелері жөнінде ғалымдармен және сарапшылармен кездесу ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел түрінде өткен жиында қаралған мәселелер өте өзекті және маңыздылығы жоғары болды.

Дөңгелек үстел модераторы, Астана қаласы әкімдігі Ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері С.Есілов кіріспе сөзінде күн тәртібіне қойылған мәселенің өзектілігін түсіндіріп, ашып берді.

Дөңгелек үстел басында алғашқы сөз алған негізгі және белсенді ұзақ өмір сүрудің маңызын аңгімелеген орталықтың

директоры М.Еркетаев орталықтың тыныс-тіршілігі мен атқарылып жатқан жұмыстардың маңызын, қызмет алушыларға көрсетілетін қызметтің мақсаты туралы өте түсінікті баяндап, өз идеяларымен бөлісті. Күн санап, қызмет алушылардың саны артып, ризашылық танытушы зейнет жасындағы астаналықтардың ықыласы

зор екеніне тоқталды. М.Еркетаев: «Әдемі қартаю» идеясын ортаға салды, яғни белсенді ұзақ өмір сүрудің салауатты өмір салтымен өзектес екенін назарға алды. Білікті маман Астананың 25 жылдығымен зейнеткерлер мен ардагерлерді құттықтап, астананың іргесін қалауға атсалысқан аға ұрпақтардың үлесін де еске алды. Баяндама

барысында профилактикалық институт, ұзақ өмір сүру барысында саяси-идеологиялық мәселелермен қатар бүгінгі егде жастағы азаматтардың қарттық жасты мойындай бермейтіндігін де атап өтті. Сапалы қызмет көрсету барысында Ұлттық жоспар құрудың тиімді жолдарына тоқталды.

Дөңгелек үстелге арнайы шақырылған қоғамдастырушылармен Астана қаласы Жұмыспен қамту басқармасы және әлеуметтік қорғау мекемесі басшысының орынбасары А.Оспанов, қалалық мәслихат депутаты, «ҚР Денсаулық министрілігінің Соғым ардагерлеріне арналған орталық клиникасы госпиталі» РҚП директоры Д.Оразалина, қалалық денсаулық сақтау қоғамдық басқармасы жетекшісінің орынбасары А.Төлеуова, Әлеуметтік қорғау және еңбекпен жатқан жұмыстарының басшысы И.Скуб, Астана қаласы Медициналық академияның кафедра меңгерушісі В.Ткачев, сондай-ақ қала Ішкі саясат басқармасының жетекшісі Д.Бабаұратов қатысып, өздерінің тұшымды ойларын ортаға салды.

Сонымен бірге осындай мәні зор басқосуға қалалық Ардагерлер кеңесі зейнеткерлер денсаулығын қорғау тұрақты комиссиясының төрағасы, медицина ғылымының кандидаты, профессор В.Шварц сөз сөйлеп, ұйымдастырылған бүгінгі іс-шараға жоғары баға берді.

Өте мазмұнды өткен дөңгелек үстел жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ігі істің басында мұрындық болып жүрген үлкен іскер басшы, қоғам қайраткері, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Есіловке көпшіліктің алғысы мол. Қарттарға құрмет, зейнеткерлерге жағдай жасау мемлекетіміздің назарындағы рухани жаңғыру бағытындағы ізгі істердің бірі екені анық. Ал қалалық Ардагерлер кеңесі осындай жағымды жаңалықтың жаршысы болып жүр. Жаңа Қазақстанда әділетті қоғам құрудың қарқын ала бастағанын дәлелдеді.

Маржан ПРИМБЕТОВА,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиаторы мүшесі,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

Астанада «ELORDA CUP» дәстүрлі халықаралық турнирі өтіп жатыр. Ертең финалдық жекпе-жектер өтеді.

«ЕЛОРДА КУБОГЫ» САРАПҚА САЛЫНДЫ



Бүгін жанкүйерлер «Дәулет» спорт кешенінде керілген шаршы алаңда жартылай ақтық сайыстарды тамашалай алады. Жекпе-жектер 14.00-де басталады.

Қазақстан, Өзбекстан, Қытай, Үндістан, Моңғолия және басқа да елдердің

былғары қолғап шеберлері қатысып жатқан турнирдің жеңімпаздарына – 700 доллар, екінші орынға – 400 доллар, үшінші орынға 200 доллар мөлшерінде жүлде тағайындалған.

Халықаралық турнирлер және әйелдер арасында өтіп жатыр.

«АСТАНА» – ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА

Футболдан Қазақстан кубогының жартылай финалдық ойындары өтті.



Бірінші ойында «Астана» өз алаңында Шымкенттің «Ордабасы» командасын 1:0 есебімен ұтты. Жалғыз голдың авторы – сербиялық легионер Игор Иванович.

Қостанайда өткен екінші жартылай финалда «Тобыл» мен «Атырау» кездесті. Бұл ойында да

алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жетті.

Енді қарымта матчтар 6 шілде күні Шымкент және Атырауда өтеді. Екі ойынның қорытындысында жеңіске жеткен командалар ақтық сайысқа шығады. Ал кубок жеңімпазы 4 қарашада анықталады.

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2023» КІМ БОЛАДЫ?

2 шілдеде «Барыс Арена» спорт сарайында Астана күніне орай қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турнирі өтеді.



Жарысқа өңірлерде іріктеу кезеңдерінен өтіп, «Қазақстан барысы – 2023» финалына жоллама алған балуандар белдеседі. Биыл қатысушылардың жалпы саны – 41 балуан: әр өңірден екі спортшыдан, сондай-ақ «Әскер Барысы» күш құрылымдары арасындағы турнирдің және өткен жылғы іріктеудің жеңімпаздары.

Турнирдің бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, сондай-ақ серіктестер қатарында «Sport Qoғу» спортты қолдау қоры және «Сәтті Жұлдыз» АҚ бар. Ұлттық спорттың жанкүйерлері турнирді тікелей эфирде Qazsport және TRT Avaz телеарналарынан көре алады. Республикалық жарыс сағат 12.00-де басталады.

Дайындаған Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Достық үйінде Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Әулет қорғаны – елдіктің қорғаны» атты ғылыми конференция өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда билік пен бұқараның алдына қойған тапсырмалары талқыланды.

Конференцияның мақсаты – ұлттық идеология мен ұлттық тәрбиенің жүйесін жасау. Сарапшылардың пікірінше, бұл – Президенттің Әділетті Қазақстан құру туралы мәлімдемесімен үндес. «Біз қолға алған саяси-экономикалық реформаларды қоғамдағы терең әлеуметтік-мәдени өзгерістермен қатар іске асыруымыз керек. Бұл – маңызды міндет.

Біз алға үздіксіз қадам басуымыз керек. Елді дамытуға кедергі келтіретін нәрсенің бәрінен арылып, құндылықтарымызды нығайта түсуіміз қажет. Сонда ғана ұлттық жаңа сапасын қалыптастырамыз, сан ғасырлық мемлекеттілігіміздің тұғырын бекемдейміз. Олай болмаса, даму көшінің соңында қалып, ақырында құрдымға кетеміз» деген еді Ұлттық құрылтайда сөйлеген

сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев. Конференцияға ғылым, өнер, қоғам қайраткерлері және депутаттар қатысты. «Біз – Президенттің ел болу ұлттық идеясын қорғайтын, халықпен Үкіметтің көмекшісі және алтын көпіріміз. Өйткені ымыра мен ынтымақ арқылы даму жолы Қазақстанның аталы жолы деп санаймыз. Біздің мақсатымыз –

мемлекетшіл қоғамды тәрбиелейтін ұлттық тәрбие идеологиясы мен жүйесін жасау» деді жиынды ұйымдастырушылардың бірі Схат Базарханұлы.

Конференция барысында қоғамдық бірлестік өкілдері ұлттық тәрбиенің «Жеті ережесін» ұсынды. Онда ұлттық құндылықтарымыз көрініс тапқан.

Сәбина КӘКІМЖАН

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл проблемаға бүкіл әлемде айрықша көңіл бөлінетіні кездейсоқ емес. Сарыарқа ауданының аппараты өз қызметі аясында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асырудың маңыздылығын, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін ескере отырып, басты назар ауданның және жалпы қала тұрғындарына сапалы және уақтылы мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған.

Сонымен бірге, қала тұрғындарына Аппараттың фронт-кеңсесінде мемлекеттік қызметтерді ыңғайлы және сапалы алу үшін қызметтерді көрсету тәртібі туралы қажетті көрнекі ақпараттар мен стендтер орналастырылған. Оған қоса тікелей әр бөлменің мамандарымен, аудан әкімі ретінде менің жеке қабылдауыма жазылып, тілдесіп, өз мәселелерінің

шешімін таба алады. 2022 жылы 7 түрлі қызмет саласында 34 мың адамға, ал ағымдағы жылы ауданның фронт-кеңсесінде 16 мыңнан астам адамға қызмет көрсетілді. Жеке қабылдауда талқыланған мәселелердің кейбірін келесі жылға жоспарласақ, бірнешеуінің шешімін қысқа уақыт ішінде таптық. Тұрғындар тарапынан ең жиі келіп түсетін өтінім-

дердің бірі – ауланы абаттандыру. Сарыарқа ауданының аумағын дамыту мен абаттандыру мақсатында «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл тұрғындардың мемлекеттік бюджеттің тиісті жөндеу жұмыстарына жұмсалғанын бақылауына көмектеседі. Тұрғындардың бастамалары мен ұсыныстарын пайдалана отырып жоба туралы ақпа-

рат аппараттың ресми сайтында жарияланады. Сондай-ақ әдеп жөніндегі уәкілмен аппарат қызметкерлері арасында мемлекеттік қызметті атқаруға байланысты этикалық мінез-құлқы пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңда көрсетілген шектеулерді сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Ауданда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстар жалғасады. Бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімді қосу және оған тосқауыл қою – біздің басты міндетіміз.

Ауданда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстар жалғасады. Бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімді қосу және оған тосқауыл қою – біздің басты міндетіміз.

Ауданда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстар жалғасады. Бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімді қосу және оған тосқауыл қою – біздің басты міндетіміз.

Бауыржан ЕРАЛЫ,
Сарыарқа ауданының әкімі

«Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына Астана қаласы, Әулие ата көшесі, 8-үй мекенжайында тұратын Юлия Викторовна Гофманнан соңғы мекенжайы белгілі 1965 жылы 15 желтоқсанда туған азамат Виктор Клаусович Агафоновты қайтыс болды деп тану туралы арыз түсті. Сот 1965 жылы 15 желтоқсанда туған азамат Виктор Клаусович Агафоновтың тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар адамдарды Астана қаласы, Әлиев көшесі, 6, тел.: 8 705 мекенжайы бойынша сотқа хабарлауға шақырады. 327-24-19, жарияланған күнінен бастап үш ай ішінде.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС 26.06.2023 жылдан бастап Астана қ. ірі, таяз және уақытша су айдындарында және ашық станцияларында 3-турда масаларды жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-707-300-50-30.

12



№76-77 (4510) 01/07/2023 Сенбі

1.07
20:00

«Аялаған Астана» гала-концерт

Амфитеатр

2.07
20:00

«Домбыра дастаны» мерекелік концерті

ЭКСПО алаңы

3.07 **19:00**

«Алтын мұра» мерекелік концерт

Бейбітшілік және келісім сарайы

2.07
12:00

«Қазақстан Барысы» турнирі

Барыс Арена

5.07
18:00

«Елорда әуені» шоу-концерті

Амфитеатр

6.07
18:00

OPEN AIR ашық аспан астындағы мерекелік концерт

ЭКСПО алаңы

4.07
17:00, 20:00

«Әзіл әлемі» музыкалық әзіл-ысқақ кеші

«Астана» концерт залы

4.07
19:00

«ҚАЗАҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІ» «НАЗ» мемлекеттік би театрының концерті

«Жастар» сарайы

6-8.07

МЕРЕКЕ STREET фестивалі

Орталық саябақта

5-6.07
15:00

«Гүл шаһары – Астана» Республикалық суретшілер плэнері

ЭКСПО алаңы

6.07
16:00

«Толағай» алыптар сайысы

Орталық саябақтың автотұрағы

6.07
11:00

«Думанды Астана» мерекелік концерті

Астана қаласының қала маңындағы аудандар

7.07
11:00

Кітап фестивалі

ЭКСПО алаңы

6-9.07
16:00

«FRANKE SHOW»

Астаналық цирк

7.07
19:30

«Шаншар», «Алдараспан»

«Астана» концерт залы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №76-77

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ